ISSN 2310-3353

BAITURSYNULY UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 4
2026



PUBLISHINGS KSPI

BU BAITURSYNULY UNIVERSITY

ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КГПИ

2026 ж., қазан, №4 (84)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: ***Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті***

Бас редактор: ***Куанышбаев С.Б.***, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.
Бас редактордың орынбасары: ***Жарлыгасов Ж.Б.***, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.
Балтабаева А.С., Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ, Қостанай қ., Қазақстан.
Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (университеті), Ресей.
Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.
Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.
Качеев Д.А., философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.
Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.
Лина Анастасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.
Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.
Мишулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.
Рахимова Э.Е., «№ 1 мектеп-лицей» КММ мұғалімі, «Үздік педагог-2023 жыл», Қостанай қ., Қазақстан.
Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.
Скороходов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББББМ, Ресей.
Скударева Г.Н., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университетінің ректоры, Орехово-Зуево қ., Ресей
Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББББМ, Ресей.
Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.
Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

№4 (84), октябрь 2026 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: ***Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы***

Главный редактор: ***Куанышбаев С.Б.***, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынулы, Казахстан.
Заместитель главного редактора: ***Жарлыгасов Ж.Б.***, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Казахстан.
Балтабаева А.С., директор КГУ «Методический центр» Управления образования Костанайской области, г. Костанай, Казахстан.
Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор, Московский государственный институт международных отношений (университет) Министерства иностранных дел Российской Федерации, Россия.
Емин Атасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.
Зоя Микниене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.
Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.
Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.
Лина Анастассова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.
Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Казахстан.
Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.
Рахимова Э.Е., учитель, КГУ «Школа-лицей № 1», «Лучший педагог-2023 года», г. Костанай, Казахстан.
Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.
Скороходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.
Скударева Г.Н., доктор педагогических наук, профессор, ректор Государственного гуманитарно-технологического университета, г. Орехово-Зуево, Россия.
Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.
Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.
Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:
110000, г. Костанай, ул. Байтурсынова, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

ӘОЖ 911.3

Куанышбаев, С.Б.,
география ғылымдарының докторы,
жарытылыстану-ғылыми пәндері
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы
Габдуллова, Н.Б.,
жаратылыстану-ғылыми пәндері
кафедрасының 2-курс магистранты,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы
Баубекова, Г.К.,
педагогикалық білім магистрі,
жарытылыстану-ғылыми пәндері
кафедрасының аға оқытушысы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАСТАР КӨШІ-ҚОНЫ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДӘРЕЖЕСІ

Түйін

Мақалада Қостанай облысындағы жастар көші-қонының ғылыми әдебиеттерде зерттелу дәрежесіне шолу жасалып, осы мәселенің Қазақстандағы зерттелу бағыттары жүйеленеді. Зерттеудің өзектілігі жастардың халықтың ең мобильді әлеуметтік-демографиялық топтарының бірі болуымен, ал олардың аумақтық орын ауыстыруы халық санының өзгеруімен, еңбек ресурстарының қалыптасуымен, адами капиталдың ұдайы өндірілуімен, білім беру жүйесінің дамуымен және аумақтардың кеңістіктік ұйымдастырылуымен тікелей байланысты болуымен айқындалады. Қостанай облысына арналған еңбектерде көші-қон негізінен демографиялық өзгерістер, еңбек ресурстары, адами капитал және аумақтық қозғалыс тұрғысынан қарастырылған. Ал Қазақстан деңгейіндегі зерттеулерде жастардың ішкі және сыртқы көші-қоны, білім беру және еңбек мобильділігі, эмиграциялық ұстанымдары, көші-қон ниеттері мен әлеуметтік бейімделуі арнайы зерттеледі. Нәтижесінде Қостанай облысында жастар көші-қонының жас құрылымы мен жалпы кеңістіктік сипаты зерттелгенімен, жастардың көші-қон ниеттері, мотивтері, білім беру және еңбек траекториялары, сондай-ақ қала мен ауыл жастарының айырмашылықтары жеткілікті деңгейде зерттелмегені анықталды. Бұл Қостанай облысындағы жастар көші-қонын кешенді әлеуметтік-географиялық тұрғыдан зерделеу қажеттігін негіздейді.

Түйінді сөздер: *Қостанай облысы, жастар көші-қоны, ішкі көші-қон, өңіраралық көші-қон, білім беру көші-қоны, еңбек көші-қоны, көші-қон ниеті, адами капитал, кеңістіктік мобильділік.*

1 Кіріспе

Көші-қон халықтың аумақтық қозғалысын сипаттайтын маңызды демографиялық және әлеуметтік-экономикалық үдеріс болып табылады. Оның қарқыны мен бағыттары өңірлердің халық санынан, жас құрылымынан, еңбек ресурстарының қалыптасуынан және адами капиталдың аумақтық орналасуынан көрініс табады. Осы үдерісте жастар көші-

қонының орны ерекше. Зерттеудің өзектілігі жастардың халықтың ең мобильді әлеуметтік-демографиялық топтарының бірі болуымен, ал олардың аумақтық орын ауыстыруы халық санының өзгеруімен, еңбек ресурстарының қалыптасуымен, адами капиталдың ұдайы өндірілуімен, білім беру жүйесінің дамуымен және аумақтардың кеңістіктік ұйымдастырылуымен тікелей байланысты болуымен айқындалады. Жастардың көші-қон белсенділігі білім алу, еңбек нарығына шығу, кәсіби қалыптасу және дербес өмір сүру кезеңдерімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың кеңістіктік мобильділігі аумақтардың қазіргі ғана емес, болашақтағы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне де ықпал етеді.

Қазақстан жағдайында жастар көші-қонының маңыздылығы ішкі, оның ішінде өңіраралық көші-қонның күшеюімен байланысты. Қазіргі көші-қон үдерістерінде халықтың республикалық маңызы бар қалаларға шоғырлануы (Астана, Алматы), ауылдық жерлерден қалаларға орын ауыстыруы (урбанизация) және өңірлер арасындағы еңбек пен білім алу мүмкіндіктерінің айырмашылығы маңызды рөл атқарады. Әсіресе жастар үшін жоғары және кәсіптік білім беру ұйымдарының орналасуы, жұмыспен қамту мүмкіндігі, табыс деңгейі, кәсіби өсу перспективалары және өмір сүру ортасының сапасы көші-қон шешіміне ықпал ететін факторлар болып табылады. Осы тұрғыдан жастар көші-қонын зерттеу халықтың нақты орын ауыстыруын ғана емес, көші-қонға дейін қалыптасатын ниеттерді, таңдау себептерін және одан кейінгі әлеуметтік-еңбек траекторияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Көші-қон мәселесінің мемлекеттік деңгейдегі маңызы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасында да көрініс тапқан. Құжатта ішкі көші-қонның өсуі, оның өңірлер бойынша әркелкі бөлінуі және ірі қалалық орталықтарға шоғырлануы қазіргі көші-қон үдерістерінің маңызды ерекшеліктері ретінде қарастырылады. Сонымен қатар көші-қон саясаты халықтың кеңістіктік мобильділігін еңбек ресурстарын тиімді бөлу, өңірлік демографиялық теңгерімді сақтау және адами капиталды дамыту міндеттерімен байланыстырады. Бұл жағдай жастар көші-қонын өңірлік даму мен еңбек әлеуетінің қалыптасуы тұрғысынан зерделеудің практикалық маңызын арттырады.

Аталған мәселе Қостанай облысы үшін ерекше мәнге ие. Қостанай облысы Қазақстанның экономикалық тұрғыдан маңызды өңірлерінің бірі болып, өнеркәсіптік және аграрлық мамандануымен ерекшеленеді. Өңірдің экономикалық әлеуеті еңбек ресурстарына сұраныс қалыптастыратын негізгі салалармен байланысты болғандықтан, жастардың көші-қон қозғалысы өңірдің кадрлық және адами әлеуетін сақтау мәселесімен ұштасады. Сонымен қатар Қостанай облысында көші-қонның теріс сальдосы мен жастардың жекелеген жас топтарындағы көші-қон белсенділігі ғылыми әдебиеттерде көрсетілген. Осыған байланысты Қостанай облысындағы жастар көші-қонын зерттеу тек демографиялық өзгерісті сипаттау үшін ғана емес, жастардың кеңістіктік таңдауына әсер ететін экономикалық, әлеуметтік және аумақтық факторларды анықтау, өңірдің жастарды ұстап қалу және тарту мүмкіндіктерін бағалау тұрғысынан да маңызды. Сондықтан Қостанай облысындағы жастар көші-қонының ғылыми әдебиеттерде зерттелу дәрежесін жүйелеу, негізгі зерттеу бағыттарын анықтау және жеткіліксіз зерттелген мәселелерді айқындау осы мақаланың ғылыми маңызын құрайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты Қостанай облысындағы жастар көші-қонына арналған ғылыми еңбектерге шолу жасау, оларды Қазақстандағы жастар және жалпы көші-қон мәселелеріне арналған зерттеулермен салыстыру және өңір бойынша ғылыми зерттеу олқылықтарын анықтау болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Қостанай облысы мен Қазақстандағы жастар және жалпы көші-қонға арналған ғылыми зерттеулердің мазмұнын талдау, ғылыми еңбектерді экономикалық, әлеуметтік және географиялық бағыттар бойынша жүйелеу, сондай-ақ Қостанай облысындағы жастар көші-қонының жеткіліксіз зерттелген аспектілерін анықтау міндеттері қойылды.

2 Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде Қостанай облысының көші-қон және демографиялық дамуына арналған ғылыми мақалалар, Қазақстандағы ішкі, сыртқы және өңіраралық көші-

қон бойынша жарияланымдар, жастардың білім беру және еңбек мобильділігіне арналған әлеуметтік зерттеулер, диссертациялық жұмыстар және ғылыми конференция материалдары пайдаланылды. Бұл дереккөздер Қостанай облысындағы көші-қонның жалпы сипатын, жастардың көші-қонға қатысу ерекшеліктерін және көші-қон мінез-құлқына әсер ететін факторларды салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдеби шолу сипатында жүргізілді. Осыған байланысты мақаланың эмпирикалық негізін бұрын жарияланған ғылыми зерттеулерде алынған нәтижелер құрайды. Негізгі назар ғылыми жарияланымдардың мазмұнын талдауға, зерттеу нысандарын салыстыруға және Қостанай облысындағы жастар көші-қонының зерттелу дәрежесін анықтауға аударылды.

Бұл мақаланы жазу барысында контент-талдау, салыстыру, талдау, жүйелеу, жіктеу және синтез әдістері қолданылды.

Қолданылған әдістемелік тәсілдер ғылыми әдебиеттерді жай сипаттап қана қоймай, олардың мазмұнын салыстыруға, өзара байланыстарын анықтауға және Қостанай облысындағы жастар көші-қонын зерттеудің олқылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

3 Нәтижелер

Жүргізілген әдеби шолу нәтижесінде Қостанай облысы мен Қазақстандағы көші-қон мәселесіне арналған зерттеулердің мазмұны олардың негізгі ғылыми бағытына қарай экономикалық, әлеуметтік және географиялық үш топқа жүйеленді. Мұндай жіктеу жарияланымдардың тек тақырыптық ерекшеліктерін емес, зерттеу барысында қойылған негізгі мәселелерді, қолданылған ғылыми тәсілдерді және алынған нәтижелердің мазмұнын салыстыруға мүмкіндік берді. Талдау көрсеткендей, аталған бағыттар бір-бірінен толық оқшауланбайды: экономикалық зерттеулерде әлеуметтік мәселелер, әлеуметтік зерттеулерде кеңістіктік факторлар, ал географиялық жұмыстарда демографиялық және экономикалық көрсеткіштер қатар қарастырылады. Сондықтан жіктеу зерттеулердің басым ғылыми бағытын анықтау қағидасына негізделді.

1 кесте– Қостанай облысы мен Қазақстандағы көші-қон зерттеулерінің негізгі бағыттары

Ғылыми бағыт	Автор(лар)	Зерттеуде не қарастырылды
Экономикалық	Г.М. Дюзельбаева, Ж.С. Куанышбай, К.О. Актанова	Қостанай облысындағы көші-қонның халық санына, еңбек ресурстарына және әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалы зерттелді [7].
	М.Ж. Махамбетов, Г.У. Кеубасова, Р.Т. Сагадатов, А.М. Джанисенова	Қостанай облысындағы адами капиталдың қалыптасуы, көші-қон белсенділігі және NEET жастарының үлесі қарастырылды [8].
	Ж.Т. Хишауева	Қазақстан өңірлерінің көші-қон тартымдылығы және өңірлер арасындағы айырмашылықтар зерттелді [10].
	Г.К. Курманова, Б.Б. Суханбердина, А.А. Ким, Б.А. Уразова	Көші-қонның еңбек ресурстарының қозғалысымен және әлеуметтік-экономикалық жағдаймен байланысы зерттелді [11; 12].
	Г.Н. Аппакова, Е.Н. Несипбеков, А.Б. Жанбозова	Ішкі көші-қонға әсер ететін табыс, жұмыспен қамту, жұмыссыздық және еңбек нарығы факторлары талданды [14].
	А.Ж. Панзабекова, А.А. Сатыбалдин, А.Б. Жанбозова	Қазақстан өңірлерінің демографиялық сипаттамалары мен табыс айырмашылықтарының байланысы кластерлік әдіспен зерттелді [27].
	С.Н. Шураева	Қазақстан халқы көші-қонының көлемін, құрылымын және динамикасын статистикалық бағалау мәселелері қарастырылды [19].

1-кестенің жалғасы

Әлеуметтік	Ж.Ж. Ромашева	Жастардың эмиграциялық ұстанымдары мен жеке құндылықтарының байланысы зерттелді [3].
	А.К. Джусибалиева	Жастардың сыртқы көші-қонының экономикалық, әлеуметтік, білім беру және тұлғалық факторлары қарастырылды [5].
	З.Т. Абетова, Д.Б. Искакова	Жастардың білім беру және еңбек көші-қонының предикторлары мен көші-қон ниеттері сауалнама арқылы зерттелді [4].
	Б.Н. Бокаев, Ж.Ж. Давлетбаева, Г.Н. Бактиярова, Б.М. Уразымбетов	Қазақстан жастарының білім беру эмиграциясының және шетелде қалуының себептері зерттелді [6].
	М. Тулебаева	Ауыл жастарының қалаға көшуі, жаңа ортаға бейімделуі және әлеуметтік интеграциясы қарастырылды [13].
	С. Казиханова, Т. Каленова	Қазақстан жастарының ішкі көші-қонының себептері, білім алу және жұмыспен қамту мәселелері зерттелді [15].
	М.Д. Қалмуханбетова, М.К. Шнарбекова	Студенттердің білім алу мақсатындағы көші-қонының себептері мен әлеуметтік салдары қарастырылды [16].
	А. Садвокасова, П. Казмиркевич, Б. Баглай, К. Муслимова	Ішкі мигранттар мен студенттердің әлеуметтік бейімделуі және қабылдаушы ортаға интеграциясы зерттелді [26].
	З.К. Чуланова	Қазақстандағы сыртқы көші-қонның тәуелсіздік жылдарындағы динамикасы мен құрылымы қарастырылды [24].
	Б.Н. Бокаев, Е.А. Оспанов	Қазақстандағы көші-қонды мемлекеттік реттеудің негізгі мәселелері мен басқару тетіктері зерттелді [22].
Географиялық	А.Б. Есимова, З.Х. Валитова	Қазақстандағы облысаралық көші-қонның негізгі бағыттары, динамикасы және халықтың аумақтық қайта бөлінуі зерттелді [1].
	Ж.М. Жабагенов, А.Е. Егинбаева	Қостанай облысындағы көші-қон динамикасы, негізгі бағыттары және жас құрылымы зерттелді; жастардың 20-34 жас топтарындағы теріс көрсеткіштері анықталды, Қостанай облысы Қазақстан үшін «донор-аймақ» болып табылады [9].
	И.Ю. Коржов	Қостанай және Челябі облыстары арасындағы шекара маңы көші-қоны және оның кеңістіктік ерекшеліктері зерттелді [23].
	Е.Ю. Ванюкова, Б.Г. Мунарбаева	Қостанай облысының соңғы онжылдықтағы демографиялық өзгерістері және көші-қонның орны қарастырылды [25].
	Г.К. Баубекова, М.А. Жолдыбек	Ақмола облысындағы көші-қонның өңірлік және демографиялық ерекшеліктері зерттелді [27].
	А.Г. Кусманова	Оңтүстік өңірлерден солтүстікке қоныс аудару және солтүстік аймақтардың халықты қабылдау мүмкіндіктері қарастырылды [17].

1-кестенің жалғасы

	Е. Арғынбек, Н.О. Байгабылов, А. Абуова	Қазақстандағы ішкі көші-қонның негізгі тенденциялары және жастар мобильділігі зерттелді [2].
	С.М. Исмагулова	Солтүстік Қазақстандағы көші-қонның өңірлік және кеңістіктік ерекшеліктері зерттелді [20].
	Н.Н. Тажибаева, Н.Д. Скакирова	Қостанай облысының этнодемографиялық даму үрдістері қарастырылды; жастар көші-қоны жеке зерттеу нысаны ретінде алынбаған [21].
	Г. Кушебина, Б. Хамбар, Б. Черева	Қостанай облысының демографиялық жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық даму арасындағы байланыс зерттелді [22].

1 кесте деректеріне сәйкес, экономикалық бағыттағы зерттеулерде көші-қон негізінен еңбек ресурстары, жұмыспен қамту, табыс, адами капитал және өңірдің экономикалық тартымдылығы арқылы түсіндіріледі. Қостанай облысына арналған зерттеулер көші-қонның еңбек ресурстары мен адами капиталдың қалыптасуына қатысын көрсетеді [7;8]. Жалпыұлттық зерттеулерде өңірлердің көші-қон тартымдылығы мен ішкі көші-қонға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторлар талданады [10;14]. Осы еңбектердің ортақ нәтижесі – көші-қонның еңбек нарығындағы және өңірлік экономикалық жағдайдағы айырмашылықтармен байланыстылығы.

Сонымен бірге бұл бағыттағы зерттеулердің басым бөлігі жалпы халықты немесе еңбек ресурстарын қамтиды. Сондықтан Қостанай облысы жастарының экономикалық жағдайды қабылдауы және оның көші-қон шешіміне ықпалы арнайы зерттелмеген.

Әлеуметтік бағыттағы еңбектер жастарды көші-қонның белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Зерттеулерде эмиграциялық ұстанымдар мен құндылықтар [3], сыртқы көші-қон факторлары [5], көші-қон ниеттері [4], білім беру эмиграциясы [6], ауыл–қала мобильділігі [13], ішкі және студенттік көші-қон [15;16] және мигранттардың бейімделуі [26] қарастырылған.

Бұл бағыттағы негізгі нәтиже – жастардың көші-қоны тек экономикалық жағдаймен түсіндірілмей, білім алу, кәсіби даму, өмір сапасы, әлеуметтік орта, құндылықтар және жеке көші-қон ниеттерімен байланысты қарастырылатыны. Әлеуметтік зерттеулер Қостанай облысында қолдануға болатын әдістемелік негіз қалыптастырады, бірақ олардың басым бөлігі басқа өңірлер немесе Қазақстанның жалпы жастары негізінде жүргізілген.

Географиялық зерттеулер көші-қонның аумақтық бағыттары мен кеңістіктік ұйымдастырылуына басымдық береді. Қазақстандағы облысаралық қозғалыстар [1], жастар мобильділігі [18], Солтүстік Қазақстанның көші-қон ерекшеліктері [20] және шекара маңы қозғалысы [23] осы бағыттың негізгі нысандары болып табылады.

Қостанай облысы үшін Ж.М. Жабагенов пен А.Е. Егинбаеваның зерттеуі ерекше мәнге ие. Авторлар көші-қонның жас құрылымын талдап, 20-34 жас аралығындағы топтарда теріс көрсеткіштердің болғанын анықтаған [9, 34-39 б.]. Бұл жастардың өңірдегі көші-қон қозғалысына белсенді қатысатынын көрсетеді. Алайда зерттеу жастардың не себепті белгілі бір аумақтарды таңдайтынын түсіндіруге бағытталмаған.

Үш бағытты салыстыру Қостанай облысындағы жастар көші-қонының әртүрлі деңгейде зерттелгенін көрсетті. Өңір бойынша көші-қонның жалпы көлемі, демографиялық өзгерістері, кеңістіктік бағыттары және жекелеген жас топтарының қозғалысы қарастырылған [7-9;20;23;25]. Ал Қазақстан деңгейінде жастардың көші-қон ниеттері, құндылықтары, білім беру және еңбек мобильділігі мен әлеуметтік бейімделуі анағұрлым кең зерттелген [3-6;13;15;16;26].

Осы екі зерттеу деңгейін салыстыру Қостанай облысындағы негізгі ғылыми олқылықты анықтауға мүмкіндік береді: өңірдегі жастар көші-қонының сандық және кеңістіктік сипаттары белгілі болғанымен, оның экономикалық, әлеуметтік және географиялық факторларының өзара байланысы жеткілікті дәрежеде зерттелмеген.

Демек, Қостанай облысындағы жастар көші-қонын әрі қарай зерттеу барысында үш компонентті бір жүйеде қарастыру қажет: экономикалық жағдай мен еңбек нарығы; жастардың әлеуметтік және білім беру ұстанымдары; көші-қонның нақты кеңістіктік бағыттары. Мұндай тәсіл өңірдегі жастар мобильділігінің себептері мен құрылымын неғұрлым толық ашуға мүмкіндік береді.

4 Талқылаулар

Жүргізілген әдеби шолу Қостанай облысындағы жастар көші-қонын түсіндіруде экономикалық, әлеуметтік және географиялық тәсілдердің өзара толықтыратынын көрсетті. Экономикалық зерттеулер көші-қонды еңбек ресурстарының қозғалысы, еңбек нарығы, табыс және адами капиталмен байланыстырады [7;8;10-12;14]. Әлеуметтік еңбектер жастардың көші-қон ниеттеріне, құндылықтарына, білім беру және еңбек стратегияларына, әлеуметтік бейімделуіне назар аударады [3-6;13;15;16;26]. Географиялық зерттеулер көші-қонның аумақтық бағыттарын, өңіраралық қозғалысты, қала-ауыл мобильділігін және Қостанай облысының солтүстік өңірлер жүйесіндегі орнын қарастырады [1;2;9;17;18;20;23;27].

Экономикалық бағыттағы еңбектер жастар көші-қонының еңбек нарығымен байланысын көрсетеді. Қостанай облысының адами капиталына арналған зерттеуде көші-қон өңірдің адам ресурстарының қалыптасуымен байланыста қарастырылса [8], өңірлердің көші-қон тартымдылығына арналған зерттеулер экономикалық жағдайлардың аумақтық айырмашылығына назар аударады [10;14]. Осы нәтижелер жастардың көші-қон шешімін олардың еңбек және кәсіби мүмкіндіктерімен байланыстыра зерттеудің қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге жастардың осы мүмкіндіктерді субъективті қабылдауы Қостанай облысы бойынша жеткілікті зерттелмеген.

Әлеуметтік зерттеулер бұл мәселені жастардың жеке таңдауы тұрғысынан толықтырады. Ж.Ж. Ромашева жастардың эмиграциялық ұстанымдарын құндылықтармен байланыстырады [3], ал З.Т. Абетова мен Д.Б. Искакова көші-қон ниеттерін сауалнама арқылы зерттейді [4]. Білім беру көші-қонына арналған еңбектер жастардың білім алу мақсатындағы қозғалысының кейінгі еңбек және тұрақты көші-қонмен байланысуы мүмкін екенін көрсетеді [6;16]. М. Тулебаеваның зерттеуі ауыл жастарының қалаға көшкеннен кейінгі бейімделу мәселелерін ашса [13], бұл тәсіл Қостанай облысында ауыл-қала мобильділігін арнайы зерттеудің маңызын көрсетеді.

Географиялық бағыттағы еңбектер Қостанай облысының көші-қон жағдайын кеңістіктік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Ж.М. Жабагенов пен А.Е. Егинбаева 2017-2021 жылдардағы көші-қонды талдау барысында 20-24, 25-29 және 30-34 жас топтарында теріс көрсеткіштердің болғанын анықтаған [9, 34-39 б.]. Бұл жастардың өңірлік көші-қондағы рөлін көрсетеді. Сонымен қатар Қостанайдың шекаралық орналасуы [23] және оның Солтүстік Қазақстан кеңістігіндегі орны [20] жастар қозғалысын зерттеу кезінде аумақтық факторларды есепке алудың қажеттігін көрсетеді.

Зерттеулерді салыстыру барысында негізгі ғылыми мәселе айқындалды: Қазақстан деңгейінде жастардың көші-қон мотивтері мен ниеттері біршама зерттелген, ал Қостанай облысында негізінен көші-қонның жалпы көлемі, бағыты және жас құрылымы қарастырылған. Яғни микродеңгейдегі жастардың жеке таңдауы мен мезо және макродеңгейдегі өңірлік көші-қон процестері жеткілікті дәрежеде біріктірілмеген.

Осыған байланысты Қостанай облысындағы жастар көші-қонын одан әрі зерттеу кезінде үш деңгейдің байланысын қарастыру қажет: жастардың жеке көші-қон ниеттері; өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы; көші-қонның нақты кеңістіктік бағыты. Мұндай

тәсіл жастарды өңірден итермелейтін және басқа аумақтарға тартатын факторларды бір жүйеде анықтауға мүмкіндік береді.

Демек, әдебиеттерді талдау Қостанай облысындағы жастар көші-қонын зерттеудің келесі кезеңі статистикалық сипаттамадан жастардың көші-қон мінез-құлқының әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік механизмдерін түсіндіруге көшуі тиіс екенін көрсетеді.

Негізгі ғылыми олқылықтарды бірнеше бағыт бойынша айқындауға болады. Біріншіден, Қостанай облысындағы жастардың көші-қон ниеттері мен көшу мотивтері арнайы зерттеуді қажет етеді. Екіншіден, қалалық және ауылдық жастардың көші-қон себептері мен кеңістіктік мінез-құлқын салыстыру маңызды. Үшіншіден, білім алу мақсатындағы мобильділіктің кейінгі еңбек және тұрақты көші-қонмен байланысын анықтау қажет. Төртіншіден, жастардың өңірден кетуіне әсер ететін факторлармен қатар, олардың Қостанай облысында тұрақтап қалуына немесе қайта оралуына ықпал ететін жағдайларды зерттеу қажет.

Әдебиеттерді талдау Қостанай облысындағы жастар көші-қонының жалпы көлемі мен жас құрылымы белгілі бір дәрежеде зерттелгенін, ал оның ішкі мотивациялық, әлеуметтік және кеңістіктік механизмдері жеткіліксіз ашылғанын көрсетті. Сондықтан келешектегі зерттеулерде статистикалық көрсеткіштерді жастардың көші-қон ниеттері мен нақты әлеуметтік тәжірибесі туралы деректермен ұштастыру қажет.

5 Қорытынды

Жүргізілген әдеби шолу Қостанай облысындағы жастар көші-қонының ғылыми әдебиеттерде белгілі бір деңгейде зерттелгенін, алайда оның әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік механизмдері толық ашылмағанын көрсетті. Зерттеулерді экономикалық, әлеуметтік және географиялық бағыттарға жіктеу өңірдегі көші-қон үдерістерін әртүрлі ғылыми қырынан қарастыруға мүмкіндік берді. Экономикалық бағыттағы еңбектерде көші-қон еңбек ресурстарының қозғалысы, жұмыспен қамту, табыс деңгейі, адами капитал және өңірдің экономикалық тартымдылығымен байланыста қарастырылатыны анықталды. Әлеуметтік бағытта жастардың көші-қон ниеттері, эмиграциялық ұстанымдары, білім беру және еңбек стратегиялары, құндылықтары мен әлеуметтік бейімделуі зерттелген. Географиялық еңбектерде көші-қон ағындарының аумақтық бағыттары, өңіраралық және қала-ауыл қозғалыстары, шекара маңы және Солтүстік Қазақстанның кеңістіктік ерекшеліктері басым қарастырылған.

Қостанай облысына арналған зерттеулерде көші-қонның жалпы көлемі, динамикасы, демографиялық өзгерістері, еңбек және адами ресурстармен байланысы, сондай-ақ жекелеген жас топтарының қозғалысы сипатталған. Атап айтқанда, 20-24, 25-29 және 30-34 жас топтарындағы теріс көші-қон көрсеткіштері жастардың өңірдегі көші-қон үдерісіне белсенді қатысатынын көрсетеді. Сонымен бірге Қазақстан деңгейіндегі зерттеулер жастардың көшу ниеті мен мотивтерін, білім алу және еңбек мобильділігін зерттеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік тәсілдердің қалыптасқанын байқатады.

Зерттеу нәтижесінде Қостанай облысы жастарының көші-қон ниеттері мен мотивтері, қала және ауыл жастарының айырмашылықтары, білім беру мобильділігінің кейінгі еңбек көші-қонымен байланысы, сондай-ақ жастарды өңірде ұстап қалу және қайта тарту факторлары жеткіліксіз зерттелгені анықталды. Осыған байланысты болашақ зерттеулерде статистикалық және әлеуметтік деректерді біріктіріп, жастардың жеке көші-қон шешімдерін өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы және нақты кеңістіктік бағыттарымен өзара байланыста қарастыру қажет. Мұндай кешенді әлеуметтік-географиялық тәсіл Қостанай облысындағы жастар көші-қонының себептері мен салдарын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Есимова А.Б., Валитова З.Х. Межобластная миграция в Казахстане: основные тренды и динамика // Мир Большого Алтая. – 2017. – Т. 3. – № 1. – Б. 52-61.

2 Арғынбек Е., Байгабылов Н.О., Абуова А. Тенденции внутреннего миграционного процесса в Казахстане // Вестник Л.Н. Гумилева. Серия «Педагогика. Психология. Социология». – 2024. – № 4(149). – Б. 508-518. – DOI: 10.32523/2616-6895-2024-149-4-508-518.

3 Ромашева Ж.Ж. Эмиграционные установки молодежи северных и южных регионов Казахстана в зависимости от индивидуальных ценностей // Minbar. Islamic Studies. – 2021. – Т. 14. – № 3. – Б. 703-730. – DOI: 10.31162/2618-9569-2021-14-3-703-730.

4 Абетова З.Т., Искакова Д.Б. Предикторы образовательной и трудовой миграции молодежи по результатам анкетного опроса выпускников школ и вузов // Вестник КазНУ. Серия «Психология и социология». – 2022. – Т. 81. – № 2. – DOI: 10.26577/JPsS.2022.v81.i2.012.

5 Джусибалиева А.К. Теоретико-методологические подходы к исследованию внешней молодежной миграции и ее основные факторы (на примере Республики Казахстан) // Социологический альманах. – 2024.

6 Бокаев Б.Н., Давлетбаева Ж.Ж., Бактиярова Г.Н., Уразымбетов Б.М. Образовательная миграция: причины эмиграции молодежи из Казахстана // Вестник Л.Н. Гумилева. – 2023. – Б. 412-421.

7 Дюзельбаева Г.М., Куанышбай Ж.С., Актанова К.О. Анализ миграционных процессов в Костанайской области // Наука. – 2019. – № 2. – Б. 193-198.

8 Махамбетов М.Ж., Кеубасова Г.У., Сагадатов Р.Т., Джанисенова А.М. Формирование человеческого капитала Костанайской области // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2024. – Т. 410. – № 4. – Б. 454-467. – DOI: 10.32014/2024.2518-1467.817.

9 Жабагенов Ж.М., Егинбаева А.Е. Современное состояние миграционных процессов Костанайской области // Вестник КГПИ. – 2022. – № 4(68). – Б. 34-39.

10 Хишауева Ж.Т. Миграционная привлекательность регионов Казахстана // Вестник Л.Н. Гумилева. Серия «Экономика». – 2025. – № 4. – Б. 175-188. – DOI: 10.32523/2789-4320-2025-4-175-188.

11 Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Ким А.А., Уразова Б.А. Миграционные процессы в современном казахстанском обществе // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 2(86). – Б. 74-80.

12 Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Ким А.А., Уразова Б.А. Анализ показателей миграции населения // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 1(85). – Б. 70-75.

13 Тулебаева М. Внутренняя миграция молодежи в Казахстане: на примере Алматинской и Жетысуской областей // Казахстан-Спектр. – 2024. – № 4. – Б. 61-69. – DOI: 10.52536/2415-8216.2024.112.4.005.

14 Аппакова Г.Н., Несипбеков Е.Н., Жанбозова А.Б. Социально-экономические факторы внутренних миграционных процессов в регионах Казахстана // Вестник ЕНУ. Серия «Экономика». – 2023. – № 2. – Б. 86-98. – DOI: 10.32523/2789-4320-2023-2-86-98.

15 Казиханова С., Каленова Т. Проблемы и перспективы внутренней миграции молодежи Казахстана // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – 2023. – Т. 83. – № 1. – DOI: 10.26577/jpcp.2023.v.83.i1.10.

16 Шнарбекова М.К., Қалмуханбетова М.Д. Социологический анализ причин и последствий студенческой образовательной миграции // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Социологические и политические науки». – 2021. – № 3(75). – Б. 72-80. – DOI: 10.51889/2021-3.1728-8940.08.

17 Кусманова А.Г. Переселение казахстанцев с южных регионов в северные: актуальность изучения и некоторые результаты. – Казань, 2020.

18 Шураева С.Н. Статистический анализ миграции населения Республики Казахстан: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук: специальность 08.00.12 – Бухгалтерский учет, статистика. – М., 2009.

19 Исмагулова С.М. Миграционные процессы населения Северного Казахстана в современных социально-экономических условиях: диссертация на соискание степени доктора PhD по специальности 6D060900 – География. – Нур-Султан [Астана], 2022.

20 Тажибаева Н.Н., Скакирова Н.Д. Современные тенденции этнодемографических развития Костанайской области.

21 Кушебина Г., Хамбар Б., Черева Б. Анализ демографической ситуации Костанайской области как фактора социально-экономического развития региона // Экономика и статистика. – 2021. – № 2. – Б. 144-148.

22 Коржов И.Ю. Приграничная миграция на постсоветском пространстве (на примере Костанайской области Республики Казахстан и Челябинской области Российской Федерации) // Успехи современного естествознания. – 2008. – № 11. – Б. 109-111.

23 Чуланова З.К. Внешняя миграция населения Казахстана за годы независимости // The Scientific Heritage. – 2021. – № 76. – Б. 37-45. – DOI: 10.24412/9215-0365-2021-76-2-37-45.

24 Ванюкова Е.Ю., Мунарбаева Б.Г. Демографические процессы Костанайской области за последние 10 лет.

25 Садвокасова А., Казмиркевич П., Баглай Б., Муслимова К. Миграция и социальная адаптация внутренних переселенцев и студентов Казахстана // Казахстан-Спектр. – 2022. – Т. 104. – № 4.

26 Баубекова Г.К., Жолдыбек М.А. Современное состояние миграционных процессов Акмолинской области // Вестник КГПИ. – 2018. – № 3(51).

27 Панзабекова А.Ж., Сатыбалдин А.А., Жанбозова А.Б. Кластерный анализ демографических характеристик регионов Казахстана и их связь с распределением доходов // Вестник ЕНУ. Серия «Экономика». – 2025. – № 3. – Б. 83-100. – DOI: 10.32523/2789-4320-2025-3-83-100.

КУАНЫШБАЕВ, С.Б., ГАБДУЛЛОВА, Н.Б., БАУБЕКОВА, Г.К.

МИГРАЦИЯ МОЛОДЕЖИ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ: ОБЗОР НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ И СТЕПЕНЬ ИЗУЧЕННОСТИ ПРОБЛЕМЫ

В статье представлен обзор степени изученности миграции молодежи Костанайской области в научной литературе, а также систематизированы основные направления исследования данной проблемы в Казахстане. Актуальность исследования обусловлена тем, что молодежь является одной из наиболее мобильных социально-демографических групп населения, а ее территориальные перемещения непосредственно связаны с изменением численности населения, формированием трудовых ресурсов, воспроизводством человеческого капитала, развитием системы образования и пространственной организацией территорий. В исследованиях, посвященных Костанайской области, миграция преимущественно рассматривается с точки зрения демографических изменений, трудовых ресурсов, человеческого капитала и территориальной мобильности. В то же время на уровне Казахстана специально исследуются внутренняя и внешняя миграция молодежи, образовательная и трудовая мобильность, эмиграционные установки, миграционные намерения и социальная адаптация. В результате установлено, что, несмотря на изученность возрастной структуры и общего пространственного характера миграции молодежи в Костанайской области, миграционные намерения и мотивы молодежи, ее образовательные и трудовые траектории, а также различия между городской и сельской молодежью исследованы недостаточно. Это обосновывает необходимость комплексного социально-географического изучения миграции молодежи в Костанайской области.

Ключевые слова: *Костанайская область, миграция молодежи, внутренняя миграция, межрегиональная миграция, образовательная миграция, трудовая миграция, миграционные намерения, человеческий капитал, пространственная мобильность.*

KUANYSHBAYEV, S.B., GABDULLOVA, N.B., BAUBEKOVA, G.K.

YOUTH MIGRATION IN KOSTANAY REGION: A REVIEW OF SCIENTIFIC RESEARCH AND THE DEGREE OF PROBLEM EXPLORATION

This article provides a review of the extent to which youth migration in the Kostanay region has been studied in the scientific literature and systematizes the main research directions concerning this issue in Kazakhstan. The research relevance is determined by the fact that young people constitute one of the most mobile socio-demographic groups, while their territorial mobility is directly associated with changes in population size, the formation of the labor force, the reproduction of human capital, the development of the education system, and the spatial organization of territories. In studies focusing on the Kostanay region, migration is predominantly examined in terms of demographic changes, labor resources, human capital, and territorial mobility. At the national level, particular attention is given to internal and international youth migration, educational and labor mobility, emigration attitudes, migration intentions, and social adaptation. The analysis demonstrates that, although the age structure and general spatial patterns of youth migration in the Kostanay Region have been studied to some extent, youth migration intentions and motivations, educational and employment trajectories, as well as differences between urban and rural youth, remain insufficiently explored. This highlights the need for a comprehensive socio-geographical study of youth migration in the Kostanay region.

Keywords: *Kostanay region, youth migration, internal migration, interregional migration, educational migration, labor migration, migration intentions, human capital, spatial mobility.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Куанышбаев Сеитбек Бекенович *– география ғылымдарының докторы, жарытылыстану-ғылыми пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Габдуллова Нурсулу Бейбитовна *– жаратылыстану-ғылыми пәндері кафедрасының 2-курс магистранты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Баубекова Гаухар Коныспаевна *– педагогикалық білім магистрі, жарытылыстану-ғылыми пәндері кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Куанышбаев Сеитбек Бекенович *– доктор географических наук, ассоциированный профессор кафедры естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

Габдуллова Нурсулу Бейбитовна *– магистрант 2 курса кафедры естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

Баубекова Гаухар Коныспаевна *– магистр педагогического образования, старший преподаватель кафедры естественно-научных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

Kuanyshbayev Seitbek Bekenovich *– Doctor of Geographical Sciences, Associate Professor, Department of natural science disciplines, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

Gabdullova Nursulu Beibitovna *– 2nd-year Master's student, Department of natural science disciplines, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

Baubekova Gaukhar Konyspayevna *– Master of Pedagogical Education, Senior Lecturer, Department of natural science disciplines, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

«ҚМПИ Жаршысы» журналы педагогика, әлеуметтік-гуманитарлық, физика-математикалық, техникалық, биологиялық, химиялық-технологиялық, экономикалық ғылымдар және экология, халықаралық байланыстар салалары бойынша бұрын жарияланбаған өзекті ізденіс нәтижелері туралы мақалаларды жариялайды.

Редакциялық алқа мүшелері журнал материалдарының мазмұнына сын-пікір білдіргеннен кейін басылымға ұсыну шешімі шығарылады. Қабылданбаған мақалаларды редакциялық алқа мүшелері қайта қарастырмайды.

Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Журнал жыл барысында төрт рет шығарылады (қаңтар, сәуір, шілде, қазан).

«Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімінде журналға жазылу мүмкіндігі қарастырылған. Жазылым индексі 74081.

Ұжымда жоғары білікті редакторлар құрамы жұмыс істейді, барлық мақалалар сараптамалық талдаудан және редакциялық өңдеуден өтеді, сондай-ақ плагиаттан тексеріледі. Мақаланы жариялау туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа рецензия қорытындысына сәйкес қабылдайды.

Мақалалар келесі бөлімдер бойынша топтастырылады:

- Білім беру;
- Гуманитарлық ғылымдар және өнер;
- Жаратылыстану ғылымдары;
- Инжиниринг және технологиялар;
- Әлеуметтік ғылымдар

Мақалаға қойылатын талаптар:

Мәтіннің көлемі сөз аралықтары мен сілтемелерді қоса алғанда 15000-нан 60000 таңбаға дейін болуы қажет (0,3-тен 1,5 баспалық параққа дейін, яғни 5–24 бет).

Мәтіннің рәсімделуіне қойылатын техникалық талаптар:

